

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында 2011-2012 оқу жылының басталуы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 15 маусымдағы № 251 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 3 тамызда № 7096 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 шілдедегі № 425 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 01.07.2015 № 425 бұйрығымен.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында 2011-2012 оқу жылының басталу мерзімі 2011 жылғы 1 қыркүйек болып анықталсын.

2. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары:

1) білім алушыларға толық оқу жылында кемінде екі рет, жылына жалпы ұзақтығы 11 аптадан көп емес, оның ішінде қысқы мерзімде 2 аптадан кем емес де м а л ы с т а р б е л г і л е с і н ;

2) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында сабақтар кестесін М Ж М Б С - ғ а с ә й к е с ж а с а с ы н ;

3) оқу процесін техникалық және кәсіптік білімнің білім беретін бағдарламаларын меңгерген білім алушылардың қорытынды аттестаттауымен а я қ т а с ы н ;

4) 2011 жылғы 1 қыркүйекте барлық техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақстан: бейбітшіліктің, келісімнің және жасампаздықтың 20 жылы» та қ ы р ы б ы н д а с а б а қ ө т к і з с і н .

3. Техникалық және кәсіптік білім департаменті (Қ.Қ. Бөрібеков):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр С. Ырсалиевке ж ү к т е л с і н .

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б.Жұмағұлов.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК